

**Кентау орталық қалалық ауруханасының ұжымының жалпы
жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

27 шілде 2023ж.

Кентау қаласы

**Төрағасы : Тульбасиев О.Қ.-басшының орынбасары.
Хатшылықта Иманкулов Т.С.-кәсіпорынның заң кеңесшісі.
Жиналысқа қатысушылар:Кентау Ұжымының қызметкерлері,
қоғамдықұйым мүшелері мен медицина ардагерлері.**

Күн тәртібі:

1. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен алдын ала жария талқылау мақсатында таныстыру.**
2. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ талдау**

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі О.Тульбасиев ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады. 2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Кентау орталық қалалық ауруханасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2022 жылдың маусым – 2023 жылдың маусым айына дейінгі аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша кәсіпорынның заң кеңесшісі Т. Иманкулов өз сөзінде талдамалық анықтамамен таныстырып, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекемеде ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысына қолдау керек екенін айтты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған медицина ардагерлері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.

Жұмысшы топтың басшысы О.Тульбасиев:Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ұсынымдар жасалады, мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, күзиретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Кентау Орталық қалалық ауруханасының Қоғамдық ұйымдардың мүшелері мен медицина ардагерлерінің қатысуымен өткен жалпы жиналыс ауруханада жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тауып,

ШЕШТІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы аурухананың Жұмысшы топтың төрағасы О.Тульбасиевке жүктелсін
2. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы кәсіпорын заң кеңесшісі Т.Иманкуловқа жүктелсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет аурухананың сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрағасы: _____ О.Тульбасиев
Хатшы: _____ Т.Иманкулов

